

ӘӨЖ 911.2 (574)

АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫНЫҢ ТАБИҒАТ МҰРАСЫ МЕН ФИЗИКА-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ



Кайпкалиева Г.С.
М. Өтемісов атындағы
БҚМУ магистранты

Шежірең бар таусылмайтын сан қилы, Алқабында дән-дәрия шалқиды деп ақындар жырлағандай, Ақжайық өңірі - тарихы және бай табиғатымен ерекшеленетін өлкелердің бірі.

Ауданның қалыптасу тарихы мен оның географиялық жағдайы жайында сөз ететін болсақ, 1971 жылдан бастау алады, бұл жылы аудан орталығы Чапаев ауылы қала мәртебесіне ие болады. Араға жиырма жылдың көлемінде уақыт салып 1990 жылы бұрынғы мәртебесін қайта алады. Көп уақыт өтпей ауданды қайта өзгерту үрдісі жалғастырылып, 1992 жылы оның құрамына оң жағалауда орналасқан аумақтар Өлеңті, Чапаев, Есенсай, Шолохов, Ақжайық, Сарыөмір кенттері мен Аңқаты кіргізіліп, осы ауылдар негізінде Ақжайық ауданы құрылады. Бірақ аудандарды нығайту мақсатында жүргізілген саясат негізінде 1997 жылы Ақжайық ауданы таратылып, оның жерлері Теректі ауданының қарамағына беріледі. Ал Чапаев ауданының құрамына таратылған Тайпақ ауданының аумағы қосылып, ауданның өзі Ақжайық болып қайта аталады да, орталығы Чапаев ауылы болып қалып, қазірге дейін өз жұмыстарын жалғастыруда [13].

Ақжайық ауданының территориясы 25,9 мың шаршы километрді құрайды. Аудан облыстың оңтүстігіндегі орталық бөлігінен орын алып, солтүстігінде (Орал өзенінің оң жақ жағалауы) Батыс Қазақстан облысының Зеленов, Тасқала және (Орал өзенінің сол жақ жағалауы) Теректі аудандарымен, шығысында Сырым, Қаратөбе аудандарымен шектессе, ал батысында Жаңақала, Казталовка аудандарымен шекаралас орналасқан. Қазақстан Республикасының Атырау облысымен оңтүстігінде шектескен [2].

Геологиялық құрылысы жағынан Ақжайық ауданының алып жатқан территориясы Батыс Қазақстан облысы шегінде терең Каспий маңы тектоникалық ойысындағы Каспий маңы ойпатының солтүстік және оңтүстік бөлігінің жақында теңіз суынан арылуына байланысты жастығымен ерекшеленеді.

Ақжайық ауданының беті геологиялық жағынан жас болғанымен, оның ең ежелгі беті (40 мың жыл), шамамен Тайпақ ауылы ендігінен (теңіз деңгейіне 0 м биіктік) солтүстікке қарай орналасқан [3].

Геологиялық даму тарихының нәтижесінде, кейбір бөліктер бетінің көтерілу және түсу процестерінің ұзақ уақыт бойы жүруінен (үлкен тереңдіктерде тұздардың қайта ауысуы салдарынан), ол аудан территориясында төменгі хвалынан қазіргі кезеңдегі едәуір жас континентальды шөгінді түзінділері мен ежелгі теңіздерден құралған. Олардың қалыптасу кезеңі төменгі хвалынан бастап қазіргі кезеңге дейін созылады. Сондықтан, Ақжайық ауданының территориясы негізінен сазды, саздауытты шөгінділерден құралады, ал әсіресе оңтүстігі құмдардан тұрады [9].

Ақжайық ауданының жер бедерінің тегіс жазықты болып келуінің басты себебі, соңғы кезеңдердегі геологиялық даму нәтижесінде деуге болады. Аудан территориясын солтүстік және оңтүстік екі бөлікке (теңіз деңгейінен бірдей биіктіктерді қосатын сызық) 0 м абсолюттік биіктік горизонталь сызықтар бөліп тұрады. Осы 0 м абсолюттік биіктік сызығынан оңтүстікке және солтүстікке қарай ауданның шеткі аймақтарындағы абсолюттік биіктіктерінің – 15 метрден 23 метрге дейін ауытқулары кездесіп отырады.

Ақжайық ауданының жер бедері Шығыс Еуропа жазығының оңтүстік шығысында орналасқандықтан жақсы тегіс және жас болуына байланысты бұл территорияға тек қана сулы-эрозиялық, эолды, көлтабанды және суффозиялық скульптуралы жер бедері пішіндері тән болып келеді. Аудан территориясында сулы-эрозиялы жер бедері Көшім тармағының орта ағысы аңғарында, сонымен қатар 1-ші Грачи және 2-ші Грачи дала өзендерінің аңғарында кездеседі. Және ең ірі сулы-эрозиялы жер бедері Орал өзенінің аңғарында жатыр [9].

Территорияның өзендермен вертикальды бағытта да, горизонтальды бағытта да тілімденуі аз мөлшерде. Өзендердің ағысы жай. Барлығы жазықтықпен әлсіз толқында өз бағытына ағып жатыр. Сайлы торлар өте сирек кездеседі және әлсіз жасақталғандығын байқаймыз [8].

Жылдар бойы қалыптасқан климаттық жағдайды былай сипаттасақ артық болмайды, аудан территориясында көп жылғы ауа райы режимі, оның солтүстік және оңтүстік бөліктерінің континентальды режимге біртіндеп ауысуының шамасына қарай

қалыптасып, өзгеріп, тұрақталған. Мұндай алмасу территорияның өткен геологиялық даму кезеңдерінің жаһандық климаттың жалпы жағдайларына сәйкес жүзеге асады [13].

Ақжайық ауданы жазы жылы құрғақ климат зонасында орналасқан, екі климаттық облысында жатыр, яғни оңтүстікте қоңыржай жұмсақ қыстың болуымен ерекшеленсе, солтүстігі қары аз қоңыржай қатал қысымен ерекшеленеді. Ол екі климаттық облыстың арасындағы шекара шамамен Чапаев ауылы ендігі бойынша өтеді. Және тағы да бір ерекшелігі Ақжайық ауданы шөлейт және шөл (солтүстік шөл) деп бөліп қарастыратын екі табиғат зонасында жатыр. Ауданның солтүстігінде, мысалы Чапаев ауылын қарастыратын болсақ, бұнда қаңтар айының орташа температурасы $-13,2^{\circ}\text{C}$, шілде айында $+23,8^{\circ}\text{C}$ -сын көрсетсе, ал орташа жылдық температура $+5,4^{\circ}\text{C}$ шамасында, ал бұл аудандағы ең жоғарғы орташа айлық жауын-шашын маусым айында 33 мм деңгейін көрсетеді, ең төменгі орташа айлық жауын-шашын ақпан айында 12мм-ді, орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 263мм құраған. Ауданның оңтүстігінде, яғни Тайпақ ауылы тұсында қаңтар айындағы ауаның орташа температурасы $-12,9^{\circ}\text{C}$ -на тең болып, ал шілде айындағы орташа температура $+25,4^{\circ}\text{C}$, ал ауаның жылдық орташа температурасы $+6,4^{\circ}\text{C}$ -сын құрайды; ең жоғарғы орташа айлық жауын-шашын мамыр және маусым айларында (23 мм-ден) байқалады, ал жауын-шашынның ең төменгі мөлшері 179мм-ге тең болады.

Кейбір жылдары климат жағдайларының айтарлықтай өзгеріп отырады. Бірақ жылдың төрт мезгілі барлық жерде анық байқалады [11].

Көктем уақыты келісімен ауа температурасы тез көтеріледі. Бірақ мұндай күннің жылынуы секірмелі түрде өтіп отырады. Себебі салқындық қайталанып келеді, тіпті, кейде үскіріктер де болады. Көктемнің ұзақтығы температура шегінде шамамен тек ай жарымға ғана созылады және көктем бұл ауданда едәуір қуаңшылығымен ерекшеленеді.

Аталған ауданда жаз мезгілінде күн сәулесінің едәуір мол түсуі салдарынан топырақты қыздырып, тіпті құрғатып жіберуге дейін барады және бұл жағдай жиі қуаңшылықтың болуына әкеледі. Атмосфералық жауын-шашынмен ылғалдануы әр түрлі өзгерістерге ұшыратады: қуаңшылық жылдар, тіпті, мол ылғалды жылдармен кезектесіп отыратынын байқауға болады. Мұндағы жазғы жауын-шашын үлесі қысқы маусыммен салыстырғанда айтарлықтай көп болып келеді. Жаз кезінде циклондық фронттар өткен кезде жауын-шашын, болмашы жаңбыр түрінде ғана түседі дей келе, сөз қылып отырған ауданда жалпы жаз тұтастай алғанда, ашық, құрғақ және өте ыстық ауа райымен сипатталады деп қорытындылауға болады [1].

Ал, кезектегі мезгіл күзде ауа температурасының амплитудасы жазға қарағанда төменірек, көбінесе бұлтты күндер көп болады, бірақ жауын-шашын мөлшері азаяды. Температураның төмендеуі айдан айға өтуі басында баяу болып, күздің соңына қарай өсе түседі де, ал қыстың алдында, төмен түсуі қайтадан бәсеңдейді. Қараша айында ауаның орташа айлық температурасы едәуір төмендейді. Кейбір жылдарда жауын-шашын түсуінде елеулі өзгерістер болып отырады. Ал, ол жаңбырдың мүлдем жаумауына немесе керісінше жаңбырдың мол болуына әкеледі [4].

Ал қыс мезгілінде антициклондар жиі соғып отырады. Ондағы ауаның температурасы қар жамылғысы әсерінен күшейе түседі де, ол үскірік аяздың болуына себебін тигізеді. Ауаның абсолюттік минимум температурасы, мысалы Тайпақ ауылында -41°C -ге тең болады. Сонымен бірге қаңтар мен ақпанда жылымық күндер болуы мүмкін. Қыс ерте түскен жылдары ол орта есеппен алғанда, көп жылғы мерзімдерден әлдеқайда ерте – қазанның бірінші онкүндігінде, ал қыс кеш түскен жылдары әлдеқайда кеш – қаңтардың екінші-үшінші онкүндігінде түзіледі [11].

Топырақ жамылғысына келетін болсақ, топырақ түзілу жағдайларының жиі кезектесіп отыруына байланысты ауданның топырағы үлкен шұбарлы көрініске ие болады. Бірақ, Ақжайық ауданының жекелеген бөліктері су айрық кеңістіктерінде

айқындалған – орта каштан, ашық каштан, қоқшыл зональдық топырақ типтерінің басымдылығы байқалады. Осы территорияның су айрықтарына топырақ контурларының шұбарлығы тән, яғни кіші-гірім қашықтықта түрлі топырақ типтерінің ауысуын көруге болады. Ал солардың ішінде тұзды топырақтар маңызды негізгі орын алады.

Ауданның солтүстік бөлігінде терең қайнайтын орта каштан топырағының алқаптары кездеседі. Грунт сулары топырақ қабаттарының астарында тереңде орналасады. Топырақ түзуші жыныстар төменгі хвалын суларында пайда болып орнын үгілу процессіне ұшыраған тау жыныстары басады. Гумус қабатының қалыңдығы 40-60 см-ді құрайды. Карбонаттар дақ пішінді жылтыр түсті 50-ден 90 см тереңдіктер аралығында байқалады [9].

Ауданның оңтүстігінде негізінен жоғарғы хвалын жазығында қоқшыл топырақтар таралады. Оң жақ жағалауда (Орал өзені) негізінен жеңіл механикалық, ал сол жақ жағалауда ауыр механикалық құрамдағы топырақ басым болады. Қоқшыл топырақтар ашық каштан топырағына қарағанда гумус қабатының аздығымен, тұз қышқылынан қайнауы жоғары беткі бетке жақын және карбонаттардың орналасуы да жоғары беткі бетке жақын жатуымен ерекшеленеді. Грунт сулары өте тереңде (10-15 м одан да терең) орналасады және топырақ түзуге өз әсерін тигізбейді [1].

Ауданның барлық жерінде кең түрде сортаңдар таралады, гумус қабатын анық екі бөлікке бөліп қарауға болады: жоғарғы бөлігі – салыстырмалы қабатты-кесекті борпылдақ шөгінділерден тұрса, ал төменгі бөлігі – тығыз бағаналы немесе призма түріндегі-жаңғақ тәрізді құрлымнан тұрады. Гумус қабатынан төмен карбонатты және тұзды қабаттар орналасады [10].

Құмды алқаптар мал жайылысына пайдаланады. Қазіргі кезеңде әлсіз бекінген құм алқаптардың барлық типі күшті мал жайылысы болмағандықтан желмен беткі беті тегістеліп бекінген құмдарға айналуда.

Ақжайық ауданындағы өсімдіктердің биологиялық әртүрлілігі туралы қысқаша баяндасақ, ауданның континентальды климат жағдайына, яғни ұзақ қатал қысы, ыстық құрғақ жазғы маусымына бейімделген сан түрлі өсімдік жамылғысымен ерекшеленеді. Әр түрлі өсімдік типтерінің таралуы топырақ типтерінің механикалық құрамына, оның ылғалдану режиміне, тұздану дәрежесіне, сортаңдығына, грунт суларының минералдану деңгейі мен дәрежесіне, судың кермектігіне, күн сәулесінің түсуіне және тағы да басқа жағдайларға байланысты болады. Сондықтан, бір типтегі топырақ түрінде бірақ әр жерлерде өсетін өсімдіктердің арасында үлкен айырмашылықтар кездеседі. Аудан территориясында таралған өсімдіктер дүниесі негізінен далалық және шөлді деп екі типке бөлінеді [6].

Ауданның солтүстігіндегі су жиналатын кеңістікте дала өсімдіктері көп таралған. Даладағы өсімдіктердің ішіндегі кең жайлаған ақ селеу өсімдіктерінің өз ішінде екі фенологиялық фазаны бөліп қарастыруға болады. Көктемдегі қау бозды құлпырған әсем кезең және жазғы-қылқан бозды кезең. Бұл доминант шымды өсімдіктер далада максимальды өсімдік фитомассасын түзеді.

Климаттың оңтүстікке қарай жылжыған сайын температураның жоғарылауынан құрғақшылықтың артуы өсімдік жамылғысының төмендеуіне және онда тіршілік ететін түрлердің азаюына әкеліп соғады. Далалық шөпті жамылғыға тік тамырлы өсімдіктер, оларға, қалампыр, гүлкекре және басқалары жатады, тамырсабақтылар мысалға, бөденешөп, қызылбояу шөп және басқалары және тамыр атпалы, ал бұларға австрия жусаны секілді өсімдіктерді жатқызамыз. Далалық өсімдік қауымдастықтарының ішінде ұзақ өсіп өнетін өсімдіктермен қатар, қысқа мерзімде өсетін өсімдіктер – біржылдық (эфемерлер) және көпжылдық (және гемиэферодтар), олар әсіресе ылғалды жылдары жақсы бітік шығады. Дала ойпандарында далаға тән дала шымды астық тұқымдастар-Лессинг ақ селеуі, қылқан боз, сарепт бозы, қау боз, бетеге және бидайық өсімдік қауымдастықтарының жайқалып өсіп тұрғанын көре аласыз [5].

Ауданның шөл бөлігіндегі өсімдіктер қоршаған орта әртүрлі жағдайына байланысты белгілі-бір бейімділуге көшкен. Шөл өсімдіктері бойындағы ылғалды аз буландыру үшін жапырақтары мөлшерінің кішірейуі немесе жапырағының жоғалуынан қоршаған ортаға бейімделгендігін байқаймыз. Мысалға мына өсімдіктерді келтіреміз жыңғыл, жүзгін, жапырақсыз бұйрығын, жантақ және тағы басқа. Ақ жусан сияқты көптеген өсімдік түрлерін қалың түк басқан. Ауданда жартылай бұталы жусандар басымдылық ететін алқаптар көп кездеседі, бұл жерлерді ақ жусан және кара жусан, ал құмдарды құмды жусандар кеңінен жайлаған. Ақ жусанды өсімдіктерге валисский бетегесі, шөл еркек шөбі, ірі қияқ және басқа түрлерді атап айтуға болады. Кара жусанмен бірге төмендегідей өсімдік түрлері басымдыққа ие, олар: жайылма изен, монспелий қараматауы, бұйрығын және көкпек [5].

Орал өзенінің төменгі ағысының жайылмасында теңіз түйнекөлеңі, ақмамық, күренше, өлең, Жерара елекшөбі басымдықта болатын шалғындар таралған, ал терең ойпандарда оңтүстік қамысы, көл өлең шөбі, жіңішке жапырақты және жалпақ жапырақты қоғалар, батпақ сүттігені т.б. өсімдіктер өсуге бейімделген [12].

Жалпы, Ақжайық ауданы жануарлар дүниесіне бай аудандардың бірі. Ауданының шөл және дала жануарлары қатаң шөптесін өсімдік қауымдастық жағдайында өсуге бейімделген. Ашық ландшафт жануарларға жасырынатын жерлерді іздеуге мәжбүр ететіндіктен, көптеген жануарлар ін қазады немесе бөтен індерді иеленіп, тіпті кейбіреулері жер астында да тіршілік етеді. Бұл жануарлардың тағы бір ерекшелігі сыртқы түсі топырақ және өсімдік түсіне ұқсас болуында. Жазғы құрғақшылық кезінде көптеген жануарлар жартылай тіршілік жағдайына көшеді, яғни өздерінің белсенділігін төмендетеді, ал қыс айларында ұйқыға кетеді [7].

Бұл жерлер індерді мекендейтін ұсақ кеміргіштер әлеміне бай: атжалман, кішкене тышқан, құм тышқан, тұз тышқаны және басқа тышқандардың көптеген түрлерін мысалға келтіре аламыз. Шоғырланып колониямен өмір сүретін кіші сарышұнақтардың індерінде де омыртқасыз жануарлардың белгілі бір топтары тіршілік етеді, сонымен қатар індерді кесірткелер, жыландар, жасыл құрбақалар да өздеріне пана қылады, ал тас шыбыжық ұя салады.

Барлық жерлердегідей мұнда азығын жыртқыштықпен аулап жейтін жыртқыштар үстемдік етеді. Жалпы, аңдардың қоректену нысандары кең ауқымды. Жердің беткі ярусында түрлі омыртқасыздар мен жыртқыш құмырсқалардың түрлерін, түрлі қоңыздарды кездестіруге болады. Ал, өзен-сулар мен олардың төңірегінде инеліктер басым [5].

Жағалауы қоғалы көлдердің, өзендердің жағалауларында және Орал өзенінің жайылымдарында қабанды жиі кездестіруге болады. Барлық жерде дерлік ор қояндар тіршілік етеді. Орал өзенінің аңғарларында бұлан мен еліктің кездесуі әдеттегі жағдай. Бағалы аңдар тізіміне жататын құндыз да бұл аймақта кездесуі ғажап емес. Ауданның оңтүстігінде сазды және құмды шөлдерде антилоп – сайғақ көптеп кездесіп мекен етеді және көбейеді.

Даламызға тән құстарға сұр шіл, бөдене және ормандарда құр мекен етеді. Көптеген жерлерден тұз бозторғайы, кішкене айдарлы бозторғай, кара алқалы бозторғай, дала бозторғайын жиі көресіз. Бұл аудандағы қорек таңдамайтын құстың үлкені – безгелдек болып табылса, кейде сирек ақбас тырналарды кездестіре аласыз. Ауданның оңтүстігіндегі құмдарда қыс мезгілінде қыстаған дуадақтар байқалады [12].

Қосмекенділердің түрлері онша көп емес: су қоймалары мен ылғалды жерлерде кәдімгі шөпбақа, сүйіртұмсық көлбақа, көл бақасы, су қоймаларынан алыстау жерлерді кәдімгі құрбақалар мекен етеді. Кәдімгі тарбақа мен шұбар бақалар сиректеу кездесіп тұрады. Бауырмен жорғалаушылардан далада түрлі-түсті кесірткелер, секіргіш кесіртке, өрнекті кара шұбар жылан және сұр жылан т.б. кездестіруге болады. Орал өзенінің аңғарларында кәдімгі сарыбас жылан мен су сарыбас жыландары болады. Дала өзендерінде батпақ тасбақалары көптеп мекендейді [7].

Ұсақ жыртқыштар арасында кәдімгі күйкентай, бөктергі, жағалтай, ал ірі жыртқыштардан жамансары, қара кезкұйрық, тұз құладыны, батпақ құладыны, аздап болса да дала қыраны, кейде бүркіт кездеседі және дала күйкентайының кіші-гірім колониялары байқалады. Жаз айларында жалғыз-жарым лашынды байқауға болады. Қасқыр, түлкі, қарсақ, ши бөрі (ауданның оңтүстігінде құмды алқаптарда), күзен, борсық, ақиіс, аққұлақ аудан аумағына тән жыртқыш сүтқоректілер болып табылады [13].

Балықтардың алуан түрімен және оның үлкен қорымен Орал өзені ерекшеленеді. Бұл Каспий теңізінен бағалы бекіре тұқымдас балықтар уылдырық шашуға шығатын Батыс Қазақстандағы жалғыз өзен. Орал өзеніне төмендегідей бекіре тұқымдас балықтар көктемде уылдырық шашады: қортпа, Гюльденштедт бекіресі, парсы бекіресі, шоқыр, пілмай, сүйрік. Өзендегі балық аулаудың негізін ақмарқа, көксерке, берш, алабұға, сазан, жайын, табан балық, қаракөз және басқада балық түрлері құрайды. Орал өзеніне Солянка өзені құяр жерге дейін қысқы мезгілде ақ балықты ауласа, ал көктемде осы телімде кей уақытта рыбец балығын аулауға болады. Ауданның басқа да, кеуіп қалмайтын су нысандарында балықтың түрлік құрамы шұғыл азаяды, бірақ балық қоры жоғары болады, бұл су қоймаларында негізінен сазан, шортан, алабұға, торта, меңке, оңғақ және басқада балықтар тіршілік етеді. Орал өзенінде жерсіндірген ақ амур және дөңмаңдай балықтары мекендейді [5].

Адамзат цивилизациясы жаңа мыңжылдыққа қадам басты. Адам мен қоршаған табиғи орта арасындағы қарым-қатынастардың күрделене түсіп, адамзатта «Табиғатқа бағынбаймыз, оны өз игілігімізге айналдырып, бермесін тартып аламыз» деген көзқарас қалыптасты. Бұл көзқарасты тоқтатып, қалай болса да қоршаған табиғи ортанының әсем табиғатын сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізуге тиістіміз. Бәріміз бірігіп, өзіміздің білімімізбен, мәдениетімізбен тіршілік үшін жағдай жасауға асығайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Агроклиматический справочник по Западно-Казахстанской области. Алма-Ата, 1960. 128 с.*
2. *Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы. Алматы, 2002. 586 б.*
3. *Беспалов В.Ф. Геологическое строение Казахской ССР.*
4. *Джубанов А.А. Климат и воды //Природа, население и хозяйство Западно-Казахстанской области. Уральск, 1998.*
5. *Джубанов А.А. Растительный и животный мир, их охрана //Природа, население и хозяйство Западно-Казахстанской области. Уральск, 1998.*
6. *Джубанов А.А. Речные ландшафты Западно-Казахстанской области // Горизонты географии. Уральск, 2006.*
7. *Джубанов А.А. Биологическое разнообразие позвоночных животных Западно-Казахстанской области // Матер. научно-практ. конф. «Эколог. Проблемы и биоразнообразие Западного Казахстана». Уральск, 2007.*
8. *Иванов В.В. Физико-географический очерк Западного Казахстана // Географический сборник. М. – Л.; 1953. Вып. 2.*
9. *Иванов В.В. Степи Западного Казахстана в связи с динамикой их покрова. // Географический сборник. М. – Л.; 1953. Вып. 2.*
10. *Кабдулова Г.А. Рельеф, геология и полезные ископаемые. //Природа, население и хозяйство Западно-Казахстанской области. Уральск, 1998.*
11. *Колебания климата за последнее тысячелетие. Л., 1988*
12. *Петренко А.З., Джубанов А.А., Фартушина М.М. и др. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области. Уральск, 1998, 176 с.*

13. Сдыков М.Н. Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы VII томы. Орал, 2008, 324 б.

Резюме

В данной статье дано краткое описание исторически сложившихся природных особенностей и физико-географическое состояние Ақжайықского района. Раскрыты ниже указанные темы: покровы земли, климатические условия, устоявшееся в течение долгих лет, и биологическое разнообразие флоры и фауны.